**Өзбекстан Республикасының Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының арасындағы Кеден одағы туралы 1995 жылғы 6 қаңтардағы келісімге және Кеден одағы туралы 1995 жылғы 20 қаңтардағы келісімге қосылуы туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 желтоқсандағы N 1177 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Өзбекстан Республикасының Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының арасындағы Кеден одағы туралы 1995 жылғы 6 қаңтардағы келісімге және Кеден одағы туралы 1995 жылғы 20 қаңтардағы келісімге қосылуы туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Өзбекстан Республикасының Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының арасындағы Кеден одағы туралы 1995 жылғы 6 қаңтардағы келісімге және Кеден одағы туралы 1995 жылғы 20 қаңтардағы келісімге қосылуы туралы хаттамаға қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 6 желтоқсандағы
N 1177 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

**Өзбекстан Республикасының Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының арасындағы Кеден одағы туралы 1995 жылғы 6 қаңтардағы келісімге және Кеден одағы туралы 1995 жылғы 20 қаңтардағы келісімге қосылуы туралы хаттама**

1995 жылғы 6 және 20 қаңтардағы Кеден одағы туралы келісімдерге қатысушылар болып табылатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі бір тараптан және Өзбекстан Республикасының Үкіметі екінші тараптан,

теңгерімді және өзара тиімді экономикалық қарым-қатынастарды одан әрі дамытуға ұмтыла отырып,

Кеден одағының қағидаттарын, мақсаттарын және міндеттерін ұстануға дайын екендігін растай отырып,

1995 жылғы 6 қаңтардағы Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының арасындағы Кеден одағы туралы келісімнің 8-бабының 5-тармағын басшылыққа ала отырып,

2006 жылғы 25 қаңтарда қол қойылған Өзбекстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа қосылуы туралы хаттаманы назарға ала отырып,

мына төмендегілер туралы уағдаласты:

**1-бап**

Өзбекстан Республикасының Үкіметі Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының арасындағы Кеден одағы туралы 1995 жылғы 6 қаңтардағы келісімге және Кеден одағы туралы 1995 жылғы 20 қаңтардағы келісімге қосылады және олардан , сондай-ақ интеграцияны басқару органдарының шешімдері мен Кеден одағын құру және оның жұмыс істеу мақсаттарына, қағидаттарына, шарттарына, кезеңдеріне қатысты басқа да құжаттардан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді толық көлемде өзіне қабылдайды.

**2-бап**

Осы Хаттаманы түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар консультациялар немесе келіссөздер жолымен шешіледі.

**3-бап**

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және депозитарий - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитеті оған қол қойған үкіметтердің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

2006 жылғы "______"________ _________ қаласында орыс тілінде бір данада жасалды.

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы оның куәландырылған көшірмесін оған қол қойған үкіметтерге жіберетін депозитарийде сақталады.

*Беларусь Республикасының Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының Үкіметі үшін*

*Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін*

*Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК